

«Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

Кітапханашы лауазымына жұмысқа қабылданатын үміткерге қойылатын талаптар

Кітапханашы

Білуі тиіс:

Конституцияны;

Еңбек кодексін;

Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" , "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" , "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" заңдарын;

кітапханалық-библиографиялық жіктеу кестелерін, оқырмандарды, кітап қорын толықтыруды, есепке алуды, кітап қорларын сақтауды ұйымдастыру сипаттамаларын жасауды және каталогтауды жүргізуді, оқырмандармен көпшілік және жеке жұмыс жасау түрлері мен әдістерін, баспа өнімдерін көрнекі насихаттауды, отандық және шетел кітапханалардың жұмыс тәжірибелерін.

кітапхана ісі, библиографиялау және информатика теориясы мен тәжірибесін, баспа басылымдары сипаттамасының, картотекаларды жүргізу жұмыстарын, библиографиялық материалдарды жасау, еңбек және басқару негіздерін.

отандық және шетелдік кітапханалардың ақпараттық технологиялар саласындағы жұмыс тәжірибесін.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

- 1) жоғары санаттағы: тиісті мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;
- 2) I санаттағы: тиісті мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

- 3) II санаттағы: тиісті мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;
- 4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, тиісті мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

Қосымша дағдылар:

- Офистік бағдарламаларды меңгеру (EXCEL, POWER POINT, WORD, Outlook);
- FineReader, Acrobatreader мәтіндерін тану және өңдеу
- ағылшын тілін меңгеру (Pre-INTERMEDIA деңгейі);
- психологиялық үйлесімділік, команда құру, тұлғалық өсу (соңғы 3 жыл ішінде), кітапханалық менеджмент және маркетинг бойынша тренингтер мен семинарлардан өту бойынша қосымша сертификаттары болуы тиіс.